

# ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«Бекітемін»

Ректордың м.а.

\_\_\_\_\_ А. Исмаилов

2020 ж. 6 мамыр

## COVID-19 коронавирусы пандемиясы кезінде аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша нұсқаулық

Оқу процесінің қашықтық режимде ұйымдастырылуына байланысты Еуразия гуманитарлық институтында бақылаудың барлық түрлері қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

ЕАГИ академиялық саясатының негізгі ережелеріне енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес аралық және қорытынды аттестаттау негізінен: тестілеу, ауызша емтихан және дипломдық жұмысты қорғау түрінде жүргізіледі.

### Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Тіркеу бөлімі барлық мамандықтар бойынша емтихан қабылдау формасын көрсете отырып, 2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясына арналған емтихан кестесін жасайды және бекітеді. Кесте «Платонус» ААЖ-дың «Хабарландыру» бөлімінде орналастырылады

2. Көрсетілген кезеңдегі емтихан түрлері:

– тестілеу (Platonus жүйесінде);

– ауызша емтихан («Online Education System» және «Zoom» білім беру платформаларын қолдану арқылы бейнеконференция режимінде);

Емтихан қабылдау түрін кафедра анықтайды және кесте жасау үшін тіркеу бөліміне емтихандарды тағайындау үшін жібереді. Барлық емтихан материалдары кафедра отырысында бекітіледі.

3. **Тестілеу** – жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық, жалпы математикалық және жаратылыстану ғылымдары, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдері бойынша бағдарлама бойынша барлық оқылатын білімді тестілеумен қатар, білімді таңдамалы тестілеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін пәнді қорытынды бақылау кезеңі.

Тест сұрақтары қысқаша, жалпы қабылданған атаулар мен терминдерді қолданбай, анық берілуі керек. Тест тапсырмаларының форматы жиынтықтан тек бір ғана элементті таңдауға мүмкіндік беретін дұрыс жауаптар жиынтығынан тұратын жабық типке сәйкес келуі керек. Әр студент үшін

емтихандағы тест тапсырмаларының саны 40-тан аспайды. Тестілеуге 50 минут бөлінеді.

***Қашықтық режимдегі тест түрінде емтихан мынадай тәртіппен өткізіледі:***

– Оқытушы тест тапсырмаларын жасайды және «Platonus» ААЖ-дағы «Тестілеу» мәзірінде белгілейді;

– Білім алушылар «Platonus» ААЖ-дағы жеке кабинетіне кіреді.

– Негізгі бетте тестілеудің белгіленгені туралы ақпараттық хабарлама пайда болады. Бұл хабарлама білім алушыны белгіленген тестілеу бетіне апаратын сілтеме болып табылады. Пайда болған терезеде «Тестілеуден өту» деген түймені басу керек.

– Білім алушыны тестілеудің басталуы компьютер экранында бірінші сұрақ пайда болған сәттен бастап жазылады. Тестілеу бағдарламасы тестінің автоматты аяқталуына дейін қанша уақыт (сағатпен, минутпен) қалғанын көрсетеді.

– Тексеру біткен соң «Аяқтау» деген түйме жанады және тестілеу соңында тестілеу нәтижесі шығады.

– Егер білім алушыға қандай да бір сұраққа жауап беру қиын болса, ол оны өткізіп жіберіп, тест соңында оған қайтып орала алады. Жауап берілмеген сұрақтар сұр түспен белгіленеді.

– Техникалық ақаулар немесе Интернеттің ажыратылуы (немесе электр қуатының үзілуі) жағдайында білім алушы оқытушыға байланысуға болатын құралдары жөнінде хабарлайды. Емтиханды қайта тағайындау үшін білім алушы емтихан аяқталғаннан кейін 2 күн ішінде өтінішті (сканерленген нұсқасы немесе қолжазба өтініштің фотосы) тіркеу бөліміне жібереді.

4. Ауызша емтиханды ұйымдастыру үшін кафедра оқытушылары 2-3 сұрақтан тұратын емтихан билеттерін жасайды.

***«Online Education System» және «Zoom» білім беру платформалары арқылы бейнеконференция режимінде (онлайн) ауызша емтихан мынадай тәртіппен өткізіледі:***

– Оқытушылар емтихан материалдарын (емтихан билеттері, бірізді аударма мәтіндері және т.б.) 2020 жылдың 11 мамырына дейін дайындайды.

– Емтиханды өткізуге үш сағат қалғанда институттың ҚБТ орталығы кестеге сәйкес онлайн емтиханды өткізуге платформалар дайындайды.

– Емтиханға 2 сағат қалғанда оқытушы емтиханның өткізілетін күні мен уақыты туралы студенттерге электрондық пошта немесе WhatsApp мессенджері арқылы қосымша хабарлайды (ескертеді), сонымен қатар Zoom платформасына емтихан тапсыру үшін сілтеме жібереді.

– Емтихан өткізілетін күні:

а) студент сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылу үшін Zoom платформасына өтеді;

б) ҚБТ орталығының қызметкері студенттердің бейнеконференцияларға қосылуын бақылайды, егер жекелеген студенттер үшін байланыс болмаса, эдвайзерлер алдын-ала берген нөмірлерге телефон арқылы қосылады; олар студентке қосылу мәселелерін шешуге кеңес береді. Егер 15 минут ішінде қосылу мәселесі шешілмесе, білім алушыға телефон арқылы емтиханның кейінге қалдырылғандығы туралы хабарлайды;

в) ҚБТ орталығының қызметкері бейнеконференцияны байланысқа дайындайды, бейнекамералар мен микрофондардың жұмысын тексереді; белгіленген талаптарға сәйкес жабдықтың сапасын қамтамасыз етеді, емтихан алушыға емтиханға техникалық дайындық туралы хабарлайды.

– Барлық студенттермен тұрақты байланыс расталған кезде оқытушы емтихандарды өткізу ережелерімен, онлайн-прокторингпен, Академиялық адалдық кодексінің талаптарымен таныстырады және студенттерді сәйкестендіру рәсімдерін (проторинг) жүзеге асырады. Емтихан басталар алдында веб-камерада фотосуреттің нақты кескінін, тегін, атын, әкесінің атын және ЖСН көрсететін жеке куәлігін көрсету керек. Тұлғаның сәйкестендірілуіне кафедра меңгерушісі жауап береді.

– Сәйкестендіру рәсімінен кейін емтихан алушы барлық білім алушыларды тізім бойынша шақырып, кездейсоқ сандар генераторының көмегімен емтихан билеттерін таңдауды жүзеге асырады.

– Емтихан материалының мазмұны студенттің назарына вебинар-трансляцияда экранда көрсету арқылы жеткізіледі. Жауапты дайындауға 40 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

– Емтиханға дайындалуға берілген уақыт соңында оқытушы тізімдегі әр студентті шақырады. Студент билет сұрақтарына және оқытушының қосымша сұрақтарына жауап береді.

– Барлық студенттен сұрап біткен соң оқытушы емтихан нәтижелерін тіркейді және нәтижелерін студенттерге хабарлайды.

– Емтиханның өту барысы міндетті түрде бейнеге жазылады. Емтихандар барлық тапсырылған уақыт бойында жазылады, ал студенттің жүзі, үстелі және кеңістігі көрініп тұруы тиіс.

– Емтихан өткізу кезінде (немесе болмай қалған кезде) техникалық кідірістер, Интернеттің болмауы (немесе электр қуатының болмай қалуы) жағдайында оқытушы бұл туралы Тіркеу бөліміне хабарлайды. Бұл жағдайда емтихан қайта ұйымдастырылады (студенттердің сол емтихан тапсырмалары өзгеріссіз қалады).

5. Мынадай жағдайларда емтихан өткізу мерзімін кейінге қалдыруға болады (емтиханды кейінге қалдыру):

– білім алушының техникалық құралдары және (немесе) Интернетке қолжетімділігі болмаса;

– білім алушы стационарлық емдеуде немесе уақытша карантинде болса. Бұл жағдайда емтиханды тапсыру білім алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

6. Білім алушыға оқу бағдарламасының (силлабустың) барлық талаптарын орындаған, бірақ жеткілікті техникалық құралдардың болмауына және (немесе) Интернетке кіру мүмкіндігіне байланысты аралық аттестаттаудан өтпеген жағдайда «І» бағасы қойылуы мүмкін.

7. Емтиханды ауыстыру (оның ішінде, «І» бағасын стандартты әріптік бағаға ауыстыру үшін) кейінірек мерзімге белгіленеді, бірақ 2020 жылдың 30 маусымына дейін.

8. Білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы бағалау мүмкін болмаған жағдайда, егер білім алушы ТЖ кезінде жеткілікті техникалық құралдарға ие болмаса және (немесе) Интернетке қолжетімді болмаса, бұл оған пәннің мазмұнын толық меңгеруге және тиісті тапсырмаларды орындауға мүмкіндік бермесе, білім алушыларға келесі академиялық кезеңде (жазғы семестрді қоса) емтихан тапсыру арқылы пәнді қайта оқу мүмкіндігі беріледі. Пән бойынша қайта оқу студенттің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

9. Білім алушы емтихан аяқталғаннан кейін 2 күн ішінде апелляциялық шағым бере алады. Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн отырыс өткізеді. Апелляция нәтижелері өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

## **Қашықтық режимде қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

### *Жалпы ережелер*

- Еуразия гуманитарлық институтында бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындық және тапсыру түрінде өтеді. МЖМБС негізінде студент негіздемелер болған жағдайда дипломдық жұмыс орнына кешенді емтихандарды тапсыра алады.
- Дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға қатыспаған білім алушы кез келген түрде электронды өтінішті комиссия төрағасына жазады, себептердің дұрыстығын растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен комиссия отырысының басқа күні қорытынды аттестаттаудан өтеді. Қайталама отырыстың күнін комиссия белгілейді.
- Аттестаттау өту кезінде техникалық ақаулық орын алып, аттестаттау мүмкін болмай қалған жағдайда, білім алушыға қорытынды аттестаттаудан өтуге басқа уақыт беріледі. Бұл жағдайда техникалық хатшы техникалық ақаулар туралы электрондық акт жасайды және сол күні актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.
- Апелляцияны өткізу үшін ЕАГИ ректорының бұйрығымен тақ мүшелерден тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына аттестаттау комиссиясының мүшелерін және әкімшілік қызметкерлерді енгізуге жол берілмейді.

- Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн-отырыстар өткізеді.
- Апелляция нәтижелері өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

***Қашықтық режимде дипломдық жұмысты қорғау мынадай тәртіппен жүргізіледі:***

- Дипломдық жұмысты қорғау ZOOM платформасында МЖМБС және ЕАГИ-дің академиялық саясатының талаптарына сәйкес онлайн режимде жүргізіледі;
- Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының (МАК) төрағасын және құрамын, МАК-тың жалпы санының кем дегенде 2/3-ін вебконференцияға қосу міндетті;
- Студент МАК жұмысы басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей келесі құжаттарды электронды түрде кафедраның корпоративтік поштасына жібереді:

1. Дипломдық жұмыстың электронды нұсқасы (студенттің қолы қойылған).

2. Дипломдық жұмысқа берілген пікірлеме (рецензия), қорғауға ұсынылған дипломдық жұмысқа жан-жақты сипаттама және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағасы көрсетілген дәлелді тұжырымдама беріледі, электронды нұсқасы. Пікірлемеге міндетті түрде қол қойылуы тиіс.

3. Жетекшінің қолы қойылған пікірдің электронды нұсқасы.

4. StrikePlagiarism.com жүйесінде плагиаттың бар-жоғын тексеру туралы құжат (жұмысты қорғауға жіберуге арналған хаттама, ұқсастық туралы қысқаша есеп).

5. Дипломдық жұмыстың негізгі ережелерін (мақсаты, міндеттері, өзектілігі, негізгі мазмұны және т.б.) ашатын 8-10 слайдтан тұратын дипломдық жұмыстың презентациясы.

- Барлық көрсетілген құжаттар электронды түрде (PDF форматында) техникалық хатшыда болуы тиіс.
- Техникалық хатшы студенттің дипломдық жұмысы мен презентациясын жүктеп, МАК мүшелеріне танысу үшін жібереді.
- Техникалық хатшы білім алушыларды қорғау басталғанға дейін 30 минут қалғанда бейнеконференцияға қосады, қорғау тәртібін жариялайды, әр білім алушы тұлғасын сәйкестендіреді.
- Әр студенттің тұлғасының сәйкестігін анықтау үшін жеке куәлігі (төлқұжаты) болуы керек. Дипломдық жұмысты қорғау рәсімі басталар алдында студент веб-камераның алдында нақты кескінін, тегін, атын, әкесінің атын және ЖСН-ын көрсетуі керек. Бітіртуші

кафедраның меңгерушісі студенттің тұлғасының сәйкестігін анықтауға жауап береді.

- Студент жеке куәліктің көшірмесін алдын-ала техникалық хатшыға тапсырады.
- Студенттер дипломдық жұмыстарды міндетті түрде презентациямен қорғайды (8-10 мин.), МАК төрағасы мен МАК мүшелерінің сұрақтарына жауап, МАК отырыстары толығымен бейнеге түсіріледі.
- Комиссия төрағасы мен мүшелерінің тұлғасының сәйкестігін анықтауды кафедра меңгерушісі орындайды.
- Дипломдық жұмысты қорғау кезінде техникалық ақаулар немесе Интернет байланысы үзілген жағдайда студент МАК-тың техникалық хатшысына және кафедра меңгерушісіне өзінің проблемасы жайлы хабарлайды және қорғаудың аяқталуынан бастап 2 күн ішінде деканатқа немесе тіркеу бөліміне жеке қолмен жазылған өтініш (фото) жібереді.
- МАК мүшелері дипломдық жұмыстарды қорғау кезінде техникалық кідірістер, интернеттің болмауы жағдайында деканатқа немесе тіркеу бөліміне хабарлайды. Мұндай жағдайда дипломдық жұмыстарды қорғау қайтадан ұйымдастырылады, ал презентация сақталады.
- Дипломдық жұмысты қорғау аяқталғаннан кейін, техникалық хатшы студенттерді бейнеконференциядан шығарады.
- ҚА комиссиясы қорғау нәтижелерін жабық режимде талқылайды, талқылаудан және дауыс беруден (хаттамаларға баға қойған) соң комиссия хатшысы МАК қорытындысы жариялау үшін білім алушыларды бейнеконференцияға қосады.

***Кешенді емтихандар мен «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінен мемлекеттік емтиханды онлайн режимде қабылдау мынадай тәртіппен жүргізіледі:***

- Кешенді емтихандар кешенді емтиханға қосылған пәндердің оқу бағдарламалары негізінде өткізіледі. Кешенді емтихандардың тізімі институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен білім алушыларды бітіртетін кафедраның ұсынысы негізінде бекітілді (2019 жылғы 29 тамыздағы № 138).
- Кешенді емтихан ауызша «Zoom» білім беру платформасы арқылы бейнеконференция режимінде (онлайн) өткізіледі.
- Кешенді емтиханды өткізу үшін бітіртуші кафедра кем дегенде үш сұрақтан тұратын емтихан билеттерін әзірлейді. Барлық мамандықтар бойынша екі кешенді емтихан бойынша емтихан сұрақтары Институттың ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді (2020 жылғы 31 қаңтардағы № 119).
- «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан да ауызша бейнеконференция режимінде (онлайн) бекітілген емтихан билеттері бойынша «Zoom» білім беру

платформасы арқылы өткізіледі. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру үшін Мемлекеттік емтихан комиссиясы құрылады. «Қазақстанның қазіргі тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі кешенді емтиханды өткізу тәртібі сияқты.

- Техникалық хатшы студенттерді емтихан басталардан 30 минут бұрын бейнеконференциямен байланыстырады, кешенді емтихан өткізу туралы хабарлайды және әр білім алушы тұлғасының сәйкестігін анықтайды.
- Әр білім алушының жеке куәлігі (төлқұжаты) болуы керек. Білім алушы алдын-ала техникалық хатшыға жеке куәліктің көшірмесін тапсырады.
- Кешенді емтихан басталар алдында білім алушылар мен МАК мүшелері веб-камерада фотосуреттің нақты кескінін, тегін, атын, әкесінің атын және ЖСН көрсететін жеке куәлігін көрсету керек. Студенттер мен МАК мүшелері тұлғасының сәйкестендірілуіне кафедра меңгерушісі жауап береді.
- Сәйкестендіру рәсімінен кейін МАК хатшысы білім алушыларға тізім бойынша әрқайсысын шақырып, тапсырылатын кешенді емтихан бойынша емтихан билеттерін таңдауды кездейсоқ сандар генераторы арқылы өткізуді ұсынады. Шақырылған студенттер санын МАК белгілейді.
- Емтихан билеті мазмұны білім алушыға вебинар-трансляцияда экранда көрсету арқылы жеткізіледі. Жауапты дайындауға 40 минуттан аспайтын уақыт беріледі.
- Қорытынды аттестаттау кезінде білім алушы веб-камераның көріну аймағынан шықпауы керек.
- Білім алушыға емтихан кезінде үшінші тұлғаларды тартуға және (немесе) электронды құрылғыларға рұқсат етілмеген адамдарға кіруге тыйым салынады.
- Қорытынды аттестаттау кезінде студенттер академиялық адалдық қағидаттарын бұзған жағдайда, ЕАГИ-дің Академиялық адалдық кодексіне сәйкес шаралар қолданылады.
- Жауап дайындауға берілген уақыттың соңында МАК техникалық хатшысы тізім бойынша әр білім алушыны шақырады. Білім алушы емтихан билеті сұрақтары мен комиссияның қосымша сұрақтарына жауап береді. Хатшы билеттің барлық негізгі сұрақтарына және МАК мүшелерінің қосымша сұрақтарына жауап берген білім алушыны бейнеконференциядан ажыратады. МАК отырыстары толығымен бейнеге жазылады.
- Кешенді емтихан кезінде техникалық ақаулар немесе Интернет өшірілген (немесе электр қуатын беру тоқтап қалғанда) жағдайда білім алушы өзінің проблемалары туралы МАК-тың техникалық хатшысына және кафедра меңгерушісіне хабарлайды және өз

қолымен жазылған өтінішті (фото) деканатқа немесе тіркеу бөліміне кешенді емтихан аяқталғаннан кейін 2 күн ішінде жібереді.

- МАК мүшелері техникалық ақаулар, кешенді емтихан кезінде Интернет болмауы (немесе оның істен шығуы) жағдайында деканатқа немесе тіркеу бөліміне хабарлайды. Бұл жағдайда кешенді емтиханды қабылдау қайта ұйымдастырылады, ал сол емтихан сұрақтары өзгеріссіз қалады.
- Соңғы білім алушының жауабынан кейін хатшы тек МАК мүшелері үшін ғана бейнеконференцияға қосылған қалпында қалдырады. ҚА комиссиясы кешенді емтиханның нәтижелерін жабық отырыста талқылайды. Талқылаудан соң және хаттамаларға баға қойғаннан кейін, комиссия хатшысы МАК қорытындысын жариялау үшін білім алушыларды бейнеконференцияға қосады.

Қорытынды аттестаттау прокторингінің құралы (кешенді емтихан және дипломдық жұмысты қорғау) онлайн режимінде веб-конференция (мысалы, ZOOM) болып табылады.

Аттестаттау комиссиясы отырысының бейнежазылымы бағдарламалық камтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады (мысалы, ZOOM).

- Апелляцияны өткізу үшін ЕАГИ ректорының бұйрығымен тақ мүшелерден тұратын апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия құрамына аттестаттау комиссиясының мүшелерін және әкімшілік қызметкерлерді енгізуге жол берілмейді. Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн-отырыстар өткізеді. Апелляция нәтижелері өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

Нұсқаулық 2020 жылғы 6 мамырдағы № 109 бұйрықпен бекітілген.